



Каспий Құбыр Консорциумы-Қ акционерлік қоғамы

Акционерное Общество

Каспийский Трубопроводный Консорциум-К

“Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

“Каспий Құбыр Консорциумы-Қ” АҚ (бұдан әрі КҚК-Қ, Компания) қауіпсіздікті қамтамасыз ету және адам денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, сонымен бірге мұнай тасымалдауға қатысты өз қызметін сенімді, әрі тиімді жүргізу саясатын ұстанады. КҚК-Қ өзінің барлық қызметкерінен және мердігерінен еңбекті қорғау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) мәселелерін шешуге белсенді және жауапкершілікпен қатысуды талап етеді. Бөлімшелердің басшылығы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптар, процедуралар және нұсқаулықтар туралы хабарлауда, іске асыруда және сақтауда шешуші рөл атқарады.

КҚК-Қ үшін ең бастысы - Компания, мердігер қызметкерлердің, сондай-ақ істегі объектілердің маңайында тұратын жұртшылықтың денсаулығы және қауіпсіздігі, қоршаған ортаны және өз активтерін қорғау. КҚК-Қ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің стратегиялық мақсаттары мынадай:

- зиян немесе қауіпті өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсері болмайтындай немесе оның деңгейі белгіленген нормативтерден аспайтындай қауіпсіз еңбек жағдайын жасау;
- сырттан төнген қауіпке және қатер факторларына, соның ішінде індетке қарсы еңбек тәртібін қызметкерлердің денсаулығына әсер ету ықтималдылығының деңгейін болдырмай немесе төмендететіндей оңтайландыру арқылы алдын ала әрекеттену;
- КҚК объектілерінде жаракат, денсаулықтың нашарлауын, оқиға және апат болдырмау;
- қоршаған ортаны қорғау және ластануын болдырмау, өндірісіміздің қалдықтарын барынша азайту және экологиялық көрсеткіштерді үнемі жетілдіру;
- активтердің қауіпсіздігіне және тұтастығына баса назар аударып, сенімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Бұл стратегиялық мақсаттарға жету үшін біз:

қауіп анықтау және жою, соған байланысты қатерлерді, сонымен бірге ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жүйелік қатерлерін бағалаймыз және азайтамыз;

- заңнама талаптарын, қолданыстағы халықаралық стандарттар мен тәжірибелердің, КҚК-Қ ішкі процедураларының және нұсқаулықтарының талаптарын орындаймыз;
- шаруашылық қызметті, соның ішінде еңбек тәртібін жүргізгенде жоғары стандарт қамтамасыз етеміз, барлық тапсырыманы норматив-техникалық құжаттардың талаптарын қатаң сақтап орындаймыз;
- Компанияның барлық қызметкерінің және мердігерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етеміз;
- бастамаларға ықпалдаса және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын орындауға ынтылдандыра отырып, өнеркәсіптегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, өндірістегі қатерлерге, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қатерлерге, КҚК-Қ барлық объектісіндегі оқиға болу қатерлеріне қатысты Компанияның қызметі туралы қызметкерлерге және мердігерлерге хабар және ақыл-кеңес береміз;
- қызметкерлер арасында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәдениетін, өз қауіпсіздігі және айналасындағылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті, денсаулыққа, өмірге және қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін жағдайларды жүйелі түрде анықтауды және тіпті кез келген жұмысты тоқтату арқылы болдырмауды насихаттаймыз;
- барлық деңгейдегі қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз етуге және үнемі жақсартуға қатысуы үшін жағдай жасаймыз;
- КҚК-Қ объектілерінде жұмысты Қауіпсіз Орындаудың жоғары мәдениетінің сақталуын қамтамасыз етеміз.

КҚК-Қ басшылығы үздіксіз жақсарту, жүйелі талдау, шешім қабылдау және тиісті қор бөлу есебінен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға міндеттенеді және Компанияның барлық деңгейінде Саясаттың сақталуына жеке жауап береді.

Бас директор,
Н.Н. Горбань

Пайдалану департаменті,
В.А. Шмаков